

№5- тәжірибелік сабақ: Қырғи қабақ соғыстан кейінгі дәуірдегі халықаралық жүйе

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық жүйенің танымын жасай алады. Халықаралық жүйенің жұмысына әсер ететін факторларды түсінеді. Әртүрлі теориялардың халықаралық жүйеге көзқарасын ажырата алады.

Техникалық және инструментальдық құралдары: интерактивті тақта, проектор сызба – кестелер.

Тәжірибелік сабақ оқыту нәтижелері: Тарихи үдерісі бойынша пайда болған әртүрлі халықаралық жүйелерді сыныптандыра алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, жүйе деген не, анархияның танымын, Вестфалия келісімін, Еуропа концерті, Қырғи қабақ соғыс, Парсы шығанағындағы соғысы секілді оқиғалардың жай- жапсарын түсінеді.

Оқытудың әдістері мен түрлері: баяндау, сұрақ–жауап, түсіндіру, кіріспе дәріс, пікір-талас.

Кеңес Одағының төрт жыл секілді қысқа мерзім ішінде ыдырауы халықаралық жүйеге түбегейлі өзгерістер әкелді. Варшава пактінің 1991 ж. тарауымен көптеген адамдар қырғи қабақ соғыстың жеңімпазы - АҚШ пен либерализм деп мәлімдеді. Әрі АҚШ гегемониясын бір полярлы әлем деп пайымдады. Мысалы, Фрэнсис Фукуяма өзінің *«Тарихтың соңы»* атты мақаласында тарих либерализм мен коммунизм арасындағы қақтығыс арқылы қалыптасқанын, ал либерализмнің жеңісін тарихтың соңы ретінде санады (Fukuyama, 1989). Сэмюэль Хантингтон өзінің *«Өркениеттер қақтығысы»* атты кітабында жаңа әлемдік тәртіп әртүрлі өркениеттер, әсіресе ислам мен христиан арасындағы қақтығыстардың куәсі болады дейді (Huntington, 1993).

Қырғи қабақ соғыстан кейін пайда болған жүйені тек полярлы немесе көпполярлы деп анықтау қиын. 1990-жылдардың басы өтпелі кезең болды және жүйенің негізгі акторлары жаңа жүйеге және жүйенің өздеріне жүктейтін жаңа рөлдерге үйренуге тырысты. Кейіннен жүйе біртіндеп көпполярлы жүйеге айнала бастады. Осы кезеңде АҚШ-тың үстемдігіне шәк келтірмесе де, әртүрлі сипаттағы және деңгейдегі басқа да күш орталықтарының пайда бола бастағанын көреміз. Жапония мен Еуропалық Одақ экономикалық күш орталықтары ретінде, Кеңес Одағының орнына көтеріле бастаған Ресей Федерациясы Қытаймен бірге Азияда әскери және экономикалық күш орталықтары ретінде Америка гегемониясын теңестіруге тырысуда. Сонымен қатар, БРИКС деп аталатын мемлекеттер халықаралық саясаттағы салмағын арттыра бастады деп айтуға болады. Осы тұрғыда бүгінгі халықаралық жүйені көп полярлы жүйе деп сипаттай аламыз.

Соғыстан кейінгі кезеңнің ерекшеліктерін төменде келтіруге болады.

- **Ұжымдық қауіпсіздік.** Қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезеңде ұжымдық қауіпсіздік қағидатын жүйенің акторлары тарапынан қабылданғанын көреміз. Бұл жүйенің негізгі тетігі БҰҰ болды және алғашқы емтиханын 1990 жылы Ирактың Кувейтті жаулап алу кезінде берді. Басқыншылықтан кейін Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесі Иракқа экономикалық санкция қою туралы шешім қабылдады, содан кейін статусты қалпына келтіру үшін қажетті шараларды мақұлдады. 1991 жылы Иракты Кувейттен шығару үшін басталған соғыс - бұл ымыраға келудің нәтижесі.

Осы кезеңде қауіпсіздік ұғымы тек мемлекеттерді ғана емес, адамдарды да қамтыды, мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың, өз азаматтарының қауіпсіздігіне қауіп төндіретін мемлекеттерге кіруіне жол ашылды.

- **Жаһандану.** Соғыстан кейінгі дәуірдің ең маңызды ерекшеліктерінің бірі - жаһандану жылдамдығының артуы болып табылады. Интернет сияқты технологиялық дамудың әсерімен Батыстың саяси және экономикалық құндылықтары бүкіл әлемге тарады (Rourke, 1999: 39). Жаһанданудың ең маңызды салдарының бірі мемлекеттік егемендікті қайта анықтау болды. Технологиялық өзгерістер мемлекеттердің өз азаматтарын бақылауда ұстауын барған сайын әлсіретуде әрі мемлекеттердің бір-бірінен оқшау өмір сүруін қиындатты.

- **Ұлтшылдық және этникалық соғыстар.** Қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен екі супер күштің арасындағы жанжал аяқталды, алайда әлемнің әртүрлі аймақтарында этникалық ұлтшылдықтың өрлеуі нәтижесінде пайда болған соғыстар халықаралық тұрақтылыққа қауіп төне бастады. Югославиядағы сербтердің босниялықтарға қарсы жасаған геноциді халықаралық қауымдастықтың араласумен аяқталды. Сонымен қатар, Руанда мен Бурундидегі геноцидтер, армяндар мен әзірбайжандар арасындағы этникалық қақтығыстар, әлем әлі де қауіпсіз жер емес екенін көрсетті (Mingst, 2008: 51).

- **Халықаралық терроризм.** Бұл кезеңде халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қауіп төндіруші фактордың біреуі халықаралық терроризм болды. 2001 жылы 11 қыркүйекте радикалды исламистік террорист Усама Бин Ладен басқарған «Аль-Каида» ұйымы ұшақпен АҚШ-тағы Егіз мұнараларға шабуыл жасады. Бұл әлемдік держава болса да террористік қауіпке қарсы қорғаныстың осал екенін дәлелді. Хантингтонның *Өркениеттер қақтығысы* туралы тезистерін еске түсіретін бұл шабуылдар, әсіресе Американың сыртқы саясатында айтарлықтай өзгерістер

әкелді. АҚШ президенті Джордж В. Буш жариялаған және кейіннен **Буш доктринасы** деп аталған доктрина Америка Құрама Штаттарына халықаралық саясатта біржақты әрекет етуге жол ашты. Бұл доктрина көптеген адам тарапынан сынға ұшырайды.

АҚШ, ең алдымен Ладенді қолдады деген пайымдаумен Ауғанстандағы Талибан режимін құлату мақсатында осы елге шабуылды ұйымдастырды. Соғыс соңында Талибан режимі құлады және орнына сайланған үкімет құрылды. Алайда, Талибан күштері мен Ауғанстанға шоғырландырылған НАТО күштері арасындағы қақтығыстар әлі де жалғасуда. Буш доктринасының 2003 жылы Иракта іске асырылуы және АҚШ-тың Иракқа халықаралық қауымдастықтың қолдауынсыз біржақты түрде басып кіруі жоғарыда айтылған алаңдаушылықтардың артуына себеп болды.

• **Өзара тәуелділіктің артуы.** Қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезеңнің тағы бір ерекшелігі мемлекеттер арасындағы өзара тәуелділіктің артуы болып табылады. Жаһандану нәтижесінде пайда болған бұл тәуелділік мемлекеттердің бір-бірінен окшау өмір сүруін қиындатты және басқа елдердегі экономикалық дағдарыстардың әсеріне ашық етті (Mansbach, 1994: 50). 2008 жылы АҚШ-та басталған қаржылық дағдарыстың қысқа мерзімде бүкіл әлемге тарауы өзара тәуелділіктің деңгейін көрсету тұрғысынан маңызды болды.

Тарих бойынша пайда болған жүйелік өзгерістерде рол ойнаған ең маңызды ереже не? Бұл ереженің ерекшелігі бар ма? Түсіндіріңіз.

Халықаралық жүйені тарихи тұрғыда зерттеу халықаралық саясатты зерделеушілерге көптеген жағынан тиімді болды. Біріншіден, мұндай талдау бізге өткен жүйелердегі тенденцияларды түсінуге және өзгерудің себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өткен жүйелер туралы ақпарат, бүгінгі жүйені басқа жүйелермен салыстыруға мүмкіншілік беретін тұжырымдамалық құралдармен қамтамасыз етуде және болашақты болжауды жеңілдетуде

Қысқаша түйіні

Халықаралық жүйенің танымы

Халықаралық жүйе ұғымының халықаралық саясат әдебиеттеріне кіруі 1950 жылдардың ортасында пайда болған Биховиоризм ағымы мен Реализм арқасында болған. Халықаралық жүйені, «акторлар арасында белгілі бір қағидалар мен өзара іс-қимыл ережелеріне сәйкес құрылған қатынастардың бүтіні» ретінде танымын жасауға болады. Жүйедегі акторлар арасындағы қатынастар жалпы іс-қимыл қалыптары мен белгілі бір ережелер аясында жүзеге асырылады. Бұл ережелер ашық немесе жабық ережелер болуы мүмкін. Жүйенің жүйелілік пен болжамдылық қағидаттарына сәйкес жұмыс істейді деп айтуға болады. Бірақ ерекшелік ретінде осы қағидаларға қайшы келетін іс-қимылды көруге болады.

Халықаралық жүйенің жұмыс істеуіне ықпал еткен факторларды қысқаша түйіндеу

Халықаралық жүйенің жұмыс істеуі өзге барлық жүйелер секілді жалпы төрт негізгі факторға байланысты жүзеге асады. Бұл факторларды төмендегідей түрде тізбектеуге болады.

Құрылымдық ерекшеліктер. Барлық жүйелер, негізгі құрылымдық кейбір ерекшеліктерге ие. Бұл құрылымдық ерекшеліктер биліктің ұйымдастырылуы, акторлар мен акторлар арасындағы әсерлену деңгейі және ауқымы секілді тақырыптарды қамтиды.

Күш байланысы. Жүйенің жұмыс істеуіне әсер еткен тағы бір фактор да жүйедегі күш байланысы. Жүйедегі күш байланысын үш тұрғыдан зерттеуге болады: жүйедегі полюс саны, күштің тығыздығы, күштің ауысуы.

Экономикалық байланыстар. Халықаралық жүйенің жұмыс істеуі жүйедегі экономикалық байланыстардың болмысынан да әсерленуде. Экономикалық байланыс тұрғысынан үш тақырып ерекше маңызды: өзара тәуелділік, табиғи ресурстар және мемлекеттер арасындағы даму айырмашылықтары.

Іс-қимыл нормалары. Халықаралық жүйеде, мемлекеттер іс-қимылдарын ұйымдастыру және осылайша анархия туғызған неғайбылдықты ең төменгі деңгейге түсіру мақсатымен өзараларында іс-қимыл ережелерін қалыптастырады. Бұл ережелер, әсіресе белгілі бір тақырыптарда мемлекеттердің ұстанымдарын ұйымдастырып, неғайбылдықтың азаюына көмекші болады.

Әртүрлі теориялардың халықаралық жүйеге көзқарастарын ажырата білу

Либералдар, халықаралық жүйенің болмысы мен жұмыс істеу барысы жөнінде Реалистерден өте басқаша ойлайды. Жүйе талдауы көптеген Либерал үшін негізгі талдау

субъектісі болмағандықтан, Либерал дәстүр ішінде әртүрлі жүйе ұғымдарын кездестіруге болады. Бұл ұғымдарды үш айдар аясына топтастыруға болады: Халықаралық жүйе процесс ретінде, Халықаралық жүйе халықаралық қауымдастық ретінде және Халықаралық жүйеанархиялық құрылым ретінде.

Реалистердің жүйе ұғымы Либералдарға қарағанда әлдеқайда нақты. Реалистердің ойынша жүйе анархиялық және мемлекеттердің үстінен ереже қоятын бір күш жоқ. Әсіресе Неорелизм, талдауларында жүйе ұғымдарына айрықша мән берген, жүйенің құрылымы мемлекеттің іс-қимылын шектейтінін айтқан. Реалистердің пікірінше, халықаралық жүйе күш тұрғысынан құрылымдалған және бір жүйені екіншісінен ажырататын ең маңызды ерекшелік жүйедегі поляризация.

Марксисттер, жүйені Либералдар мен Реалистерден мүлдем бөлек түрде сипаттайды. Олардың пікірінше, жүйенің құрылымын анықтайтын ең маңызды фактор жүйеде кездесетін стратификация. Марксисттер жүйедегі осы стратификацияның себебі ретінде капиталистік жүйені көруде.

Конструктивтік тәсіл, халықаралық жүйені, реалистерге қарағанда түрде әлеуметтік тұрғыдан қарастыруда. Конструктивистердің пікірінше, халықаралық жүйенің болмысын нормалар, пікірлер мен ортақ түсініктер қалыптастырады. Александар Вендттің ойынша, жүйеге үстем болған осы нормалардың болмысы, жүйенің де қандай мәдениетке ие екенін білдіреді. Бұндай жағдайда халықаралық жүйені Гоббстық, Локктық және Канттық үш түрлі мәдениет тұрғысынан танымын жасауға болады.

Тарих бойынша пайда болған әртүрлі халықаралық жүйені сыныптандыру

Халықаралық жүйені Вестфалиядан бұрынғы және кейінгі деп екі айдар аясында қарастыруға болады.

Вестфалиядан бұрынғы кезеңде халықаралық жүйе

Ұлыс мемлекеттер қалыптаспастан бұрын халықаралық саясатта империялар, тайпалар немесе қала мемлекеттер үстем еді. Вестфалиядан бұрынғы кезеңге із қалдырған және бүгінгі жүйенің қалыптасуына үлес қосқан өркениеттер арасында ежелгі Грек, Қытай және Рим империяларын атап айтуға болады. Бұл кезеңде заманауи мемлекеттер пайда болмағандықтан заманауи жүйеден әңгіме ету әбес болады.

Вестфалиядан кейінгі кезеңде халықаралық жүйе

Вестфалиядан кейінгі кезеңде заманауи мағынадағы халықаралық жүйеден әңгіме қозғауға болады. Бұл кезеңнің ең маңызды ерекшелігі заманауи ұлыс мемлекеттердің пайда болуы және мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарда егемендік қағидасын сақтау болды. Бұл кезеңді 19-ғасыр жүйесі, екі дүниежүзілік соғыс арасы, қырғи қабақ соғыс кезеңі және қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезең болып төрт кезеңге бөлуге болады. Бұл кезеңдердегі жүйелер арасындағы өзгеріс, қырғи қабақ соғыстан кейінгі кезең тысында, үлкен соғыстардың нәтижесінде жүзеге асқан болатын.

Деңгейлік тапсырмалар:

1 – Версаль-Вашингтон жүйесінің халықаралық қатынастар үшін маңызын білу

2–**деңгейлік сұрақ.** Халықаралық жүйелердің теориялық модельдері.

3–**деңгейлік сұрақ.** Халықаралық ынтымақтастықтың теоретикалық тұжырымдары?

3–деңгейлік сұрақ. Халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруіне жаһандану қалай әсер етеді? **ОБӨЖ тапсырмалары:** Биполярлық жүйенің күйреуі және халықаралық қатынастар теориясының дамуы

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық жүйелер эволюциясы.

Негізгі әдебиеттер:

1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л. 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев

3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.

4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi. 5.Yumusak guc kavrami ve dis Politika, 2013, N. Anaz.

- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan, 7.C. S. Roach
Ұлы конвенция: Азия,Еуропа және біргеі әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов 9.Avrasya Çıkmazı
Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslarüstü
demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireçci M. Diplomaside erdemli güç,
2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая:мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К.
Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (XI ғасырдың соңы XX ғасырдың басы), 2014, 15.М.
Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Арі, Т. (2006). **Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika**, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, **Ankara Üniversitesi SBF Dergisi**, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). **Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar**, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). **International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction**, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). **Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması**, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar